



Тілде, пікірде, істе бірлік. Ы.Гаспыралы



ТҮРКІ ӘЛЕМІ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГАЗЕТИ

Газет 2000 жылдан бастап шығады

www.turkalemigazetesi.com

№3 (наурыз, 214) 2020 жыл

ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ АСҚАР МАМИН ҚОСТАНАЙ ҚАЛАСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫ БАРЫСЫНДА ҚОСТАНАЙ АВТОМОБИЛЬ ЗАУЫТЫНДА «СНЕВРОЛЕТ» МАРКАСЫНЫҢ ЖАҢА МОДЕЛЬДЕРІНІҢ ҚАЗАҚСТАН-ӨЗБЕКСТАН БІРЛЕСКЕН АВТОҚҰРАСТЫРУ ЖЕЛІСІНІҢ АШЫЛУЫНА ҚАТЫСТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ РЕСМИ ВЕБ-САЙТЫ ХАБАРЛАДЫ.



ҚАЗАҚСТАН мен ӨЗБЕКСТАН Арасындағы ынтымақтастық артып келеді

Жиын барысында бауырлас екі елдің үкімет басшылары телекөпір арқылы байланысқа шықты. Осылайша Қазақстан Премьер-Министрі А.Мамин мен Өзбекстан Премьер-Министрі А. Арипов «СарыарқаАвтоӨнеркәсіп» ЖШС және «UzAuto Motors» АҚ бірлескен жобасын ресми түрде іске қосты. Жаңа өндірістік желіде осы жылдың соңына дейін 1 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

«Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен Өзбекстан Президенті Шавкат Миромонович Мирзиев екіжақты қарым-қатынасты стратегиялық ынтымақтастықтың жаңа деңгейіне шығаруға негіз салды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт

Кемелұлы Тоқаев Өзбекстанмен өзара тиімді серіктестікті нығайту мен дамытуға ерекше көңіл бөледі», – деді А.Мамин өз кезегінде.

Сонымен қатар ҚР Премьер-Министрі үшінші елдерден тауарлар мен қызметтердің импортына тәуелділікті төмендету мақсатында Қазақстан мен Өзбекстанның өндірістік процестерін интеграциялаудың өзектілігі артып келе жатқанын атап өтті.

Айта кету керек, өткен жылы Баку қаласында өткен Түркі Кеңесінің VII саммитінің Өзбекстан аталған Кеңес құрамына толыққанды мүше болған еді. Бүгінгі таңда Өзбекстан Республикасы бауырлас елдерге ынтымақтастық пен интеграцияның жаңа үрдісін ұсынууда.

Қазақтың жаңа жылы баршамызға құтты болсын!

Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігін табиғат-анамен тығыз байланыстырған халқымыз Наурызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы деп бағалаған. Түркі халықтарының мерейін өсіріп, бар болмысын айшықтайтын қасиетті Наурыз мерекесі алдағы қуанышы мол шуақты күндерге деген үмітті ұштап, сенімді арттырады.

Олай болса наурыздың өзіне тән салтына бағына отырып, әрбіріміз өткен жылғы өкпемізді ұмытып, аты жаман індеттен есен-сау шығайық. Амандық-саулық, ақ тілек, меймандостық, адалдық, мошылдық, жалпы ұлтымызға тән тамаша салт-дәстүрімен паш етілетін Жаңа жыл өзіндік сән-салтанатын, думанды тойын, ән-жырды ғана сыйласын.

Ескі жыл есіркесін, Жаңа жыл жарылқасын! Тышқан жылы табысты болайық!

Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын!



Ізгі ниетпен, Түркі халықтары мәдени қоры

ЧАСТИЧНАЯ И ПОЛНАЯ ТРАНСПОРТИРОВКА ГРУЗОВ ИЗ ТУРЦИИ В КАЗАХСТАН

TUNA LOGISTICS

www.tunalogistik.com.tr

• СТАМБУЛ • ДУЗДЖЕ • ЗОНГУЛДАК • ОДЕССА • МОСКВА
• АЛМАТЫ • АСТАНА • АТЫРАУ • БИШКЕК

TUNA LOGISTIK

TÜRKIYE Tel.: +90 850 333 88 62 | TUNA **ALMATY Ofis** +7 (727) 331 65 13, +7 (727) 331 65 14, +7 (778) 514 60 60

TEM TOUR
TRAVEL AGENCY

IATA ACCREDITED AGENT

Әлемнің кез келген бұрышына ұшақ билеттері мен демалу мүмкіндіктері

- > Тіркелу және виза жасау
- > Үй, офис, жұмыс орындарына билет жеткізу қызметі
- > Автобус және VIP-көліктерімен тасымалдау

air astana TURKISH AIRLINES
Lufthansa BRITISH AIRWAYS KLM

Алматы қ., Желтоқсан даңғылы, 111
Тел.: +7(727) 2202222 2795900 2720864, Ұялы тел.: +7 701 555 08 36

Астана қ., Республика даңғылы 5
Тел.: +7 (7172) 439558 439559 439306

Абылай хан к., 71
Тел.: +7(727) 2793775, Ұялы тел.: +7 701 766 75 01

effcket@temtour.net astana@temtour.net

ДИАГНОСТИКА ОРТАЛЫҒЫ
ORHUN MEDICAL®
ДИАГНОСТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР

Наши центры:
• ул. Казыбек би, д. 12в
• пр. Достық, д. 63
info@orhunmedical.kz
Call center: +7 727 222 10 78

"ALL IN ONE CENTER"

RADIOLOGY & CARDIOLOGY
www.orhunmedical.kz

- МРТ
- КТ
- ЦИФРОВОЙ РЕНТГЕН
- ДЕНСИТОМЕТРИЯ
- УЗИ
- ЛАБОРАТОРИЯ
- УЗКИЕ СПЕЦИАЛИСТЫ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ-дегі СТУДЕНТТІК ӨМІР

Студенттік өмір – әр адамның өміріндегі энергияға толы, өмірді тану мен білімді толықтырудың ұмытылмас кезеңі. Бұл жаңа шығулар, танысулар, әсерлердің уақыты. Студенттік өмір тек қана оқумен шектеліп қалмауы керек, сонымен қоса өзінді және қабілеттеріңді әртүрлі бағыттарда көрсете алуға тамаша мүмкіндіктерді жіберіп алмау керек. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да бұл үшін барлық жағдайлар жасалынған. Мысалға университетіміздегі жастар ұйымдар жөніндегі комитетті алуымызға болады. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жастары – университетке деген махаббатты көздерінен көруге болатын студенттер ғана емес, сонымен қоса биік шыңдарды бағындырғысы келетін әрбір адамға орын табылатын жеке әлем.

Студенттік өмірді құр босқа өткізбес үшін, жаңа орынға үйренісіп, жаңа адал достар тауып, мүмкіндігінше тезірек бейімделу қажет. Алайда бірінші курс студенттерінде жаңа оқу орнына, жаңа орын ерекшеліктеріне, жаңа танысуларға бейімделуде қиыншылықтар туындауы мүмкін. Мұның барлығы бірінші курстарда әлі де жауапкершіліктің қалыптаспағандықтан, олардың оқушы өмірде қалыптасқан өзара көмек пен рухани қолдауларға үйреніп қалғандықтан болады. Сонымен қоса мұның барлығына мамандық таңдаудағы сенімсіздік, оған дейінгі жеткіліксіз психологиялық дайындық; психологиялық өзін реттеу тәртібі мен әрекетті жүзеге асыра алмау, оқытушылардың күнделікті бақылауының болмауы; жаңа жағдайда тиімді еңбек режимі мен демалысты іздеуде; үй жағдайынан жатақхана жағдайына көшкенде күнделікті тұрмыс тіршілігі мен өз-өзіне қызмет етуді жүзеге асыруда; өзіндік жұмыстарды орындаудаға икемділік, конспект жаза алмау, жаңа білім көздерімен, сөздікпен, анықтамалар мен сілтемелермен жұмыс істей алмау факторлары әсер етеді.

Студенттік орта заң бойынша жаңа және адал достар іздеудегі ең жақсы мекен болып табылады. Әрбір адам университетке ешкімді танымастан және көбінесе өзін жалғыз сезініп түседі, бірақ мектептегі бірінші сыныптан айырмашылығы университеттің бірінші курсына біз өзіндік тұрақты принциптары мен өзіндік ойы, қызығушылығы бар қалыптасқан тұлға ретінде түсеміз. Сондықтан келісіңіз, әрдайым нені іздейтініңізді білетін болсаңыз, іздеу сізге оңайға түседі. Сонымен қоса студенттер топтарында бір жас ерекшелігі басымырақ болады, оның үстіне мамандыққа сәйкес бір типтік оқу бағдарламасымен оқыған кезде қызығушылықтары сәйкес келетін адамдарды кездестіру қиынға соқпайды. Жаңа достарды табу барысына жатақханада әсер етуі мүмкін.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ барлық бірінші курс студенттерін жатақханамен толықтай қамтамасыз етеді. 81000 шары шақырым ҚазҰУ қалашығында қазіргі заманауи нормативті-техникалық талаптарға сәйкес, 5000 аса студенттер тұратын ыңғайлы 14 студенттер үйі (жатақхана) орналасқан. Кез келген студенттер үйінде Сізге факультет пен оқу мамандығына тәуелсіз үйдің жылуы мен жылы атмосфера күтеді.

Жатақханада тұратын студенттердің тәртібі мен мәселелерін шешу мақсатында арнайы студенттердің өз-өзін басқару органы – іс-шараларды ұйымдастыру мен студенттерді орналастыру процесімен айналысатын жатақхана-ның Жоғар Студенттік кеңесі қызмет етеді.

**ОСПАНОВА Ш.С.,
НУРМУХАНОВА А.З.,
МАСИНА М.Н.**

**Жылуфизика және техникалық физика
кафедрасының оқытушылары
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті шеңберіндегі ЖАППАЙ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРЫ

Қашықтықтан білім берудің заманауи тенденциясы – бұл **жаппай ашық олайн курстары (ЖАОК)**. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті OpenEdx ашық платформасында ЖАОК енгізуден Қазақстандағы университеттер ішіндегі көшбасшысы болып отыр.

2014–2015 оқу жылынан бастап әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің қашықтықтан білім беру орталығы оқытушылық-профессорлық құраммен бірлесе отырып, ЖАОК құру жұмысын бастады және қазіргі уақытта <http://open.kaznu.kz> мекен-жайы бойынша Open edX жүйесінің негізінде жеке ЖАОК платформасының жұмысы жанданып жатыр.

2015 жылдың 1 қазанынан бастап бірінші рет «Теория вероятности» және «**Физические задачи с В. Кашкаровым**» атты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің жетекші оқытушыларының алғашқы ашық сабақтары жүргізіле бастады. Бұл курстарға Қазақстанның түрлі аймақтарынан 250-ден 500-ге дейін тыңдаушылар жазылды. Бұл курстарда негізінен ҚазҰУ-нің 1-2 курс студенттері, Назарбаев зияткерлік мектебінің, мамандандырылған физика-математикалық және жалпы мектептерден жоғарғы сынып оқушылары қатысты. Деректерді талдау осы курстарға деген үлкен қызығушылықты оқытушылар құрамы мен университет қызметкерлері тарапынан осы бағытта жұмыс жалғастыруға ынталандырудың артуынан байқауға болады. 2016 жылдың маусым айының соңына қарай жүйеде 2 мыңнан астам тыңдаушы тіркелді.

Жаңа білім беру бағдарламалары негізінде университеттің білім беру қызметтерінің ұшқырлығын арттыру мақсатында «e-learning» дамыту бойынша іс-шаралар кешенін іске асыру және қашықтықтан оқыту технологияларының базасында кадрлар даярлау үшін ЖАОК ұлттық платформасының жұмысын ұйымдастыру және қашықтықтан білім беру орталығының жұмысын күшейту шеңберінде университет басшылығы құрамында ұлттық платформаның жобалық офис деңгейінде жаппай ашық онлайн курстар орталығы құрылған. «Қашықтықтан білім беру орталығы» құрылымдық бөлімін «Қашықтықтан білім беру институтына» өзгерту туралы шешім қабылдады.

Есеп беру мерзімінде ЖАОК курстарына кестеге сәйкес 1017 тыңдаушы тіркелген. Зерттеу нәтижесі тыңдаушылардың көп бөлігі «**Физические задачи с В. Кашкаровым**» курсына қатысқандығын көрсеткен. Сондай-ақ, «Физические задачи с доцентом В. Кашкаровым» курсы бойынша толық оқып аяқтаған және 50% шекті өткен тыңдаушылар көп және белсенді тыңдаушылардың 46% құрайтынын атап өткен жөн.

«**Физические задачи с доцентом В. Кашкаровым**» курсына нақты есептерді шешу мысалында физикалық модельдерді талдаудың зерттеулік әдістемесі бейнеленеді. Аталмыш әдістеме мектептер үшін дәстүрлі емес элементтерден – өлшемділіктерді талдау, шекті жағдайларды талдау және симметрия ережелерінен құралады. Мұнда нақты есепті шешу барысындағы пайымдау логикасына баса назар аударылады.

Курс жетекшісі Кашаров Владимир Васильевич – Новосібір мемлекеттік университетінің жанындағы Новосібір физика-математика мектебінің түлегі. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 1972 жылдан бері доцент қызметін атқарып келеді.

Курстың негізгі ақпараты бейнесюжеттерге шоғырланған. Оларда нақты физикалық есептерді мысал ретінде ала отырып, ұқсастық пен өлшемділік талдауларын, шекті жағдайлар мен симметриялық талдауларды ұштастыра отырып, есептерді шешу әдістемесі ұсынылған. Кәсіби физиктер бұл әдістермен бұрыннан таныс, әрі оны ғылыми зерттеулерде табысты түрде қолданып келеді. Алайда, өкінішке орай, мектеп пен жоғары оқу орнына дейінгі білім беруде аталған әдістерге тиісті көңіл бөлінбейді, дегенмен тәжірибе көрсеткендей, берілген әдістерді меңгеру үлкен қиындық тудырмайды, тіпті, артықшылықтары да ұшан-теңіз. Кейбір күрделі есептерді жоғарыда айтылған тәсілдердің көмегімен жеткілікті шапшаң, әрі жеңіл шешуге болады.

Бейнесюжеттер тақырыптар мен әдістер бойынша біріктірілген оншақты тараумен бекітілген. Оларды көру барысында қатаң жүйе болмаса да, бірінші және екінші тараулардың сюжеттерін алдымен көруге кеңес беріледі. Әрбір сюжетті көріп болған соң мынадай сауалдарды өзімізді пысықтау үшін туындайтын сауалдар бар: берілген есепті шешу үшін қандай жаңа әдістер қолданылды; есепті шешу барысында қай тұстары аса ұнамды болды; қандай жаңа нәрсені үйрендіңіз.

Аталған әдістерді кез келген есепті шешуге қолдануға болады. Сонымен қатар курс авторы бейнесюжеттің көрермендерінен жалпы курс туралы және әрбір шығарылған есепке қатысты ой бөлісуді ұсынады. Осы мақсатта дискуссия блогында болған сюжетке қатысты ой-пікір таластыруға мүмкіндік берілген. Сондай-ақ, аталған сауалдарды ұжымның арасында әріптестермен де талқылауға әбден болады.

**Оспанова Ш.С.,
Нурмуханова А.З.,
Исмаилова М.Е.**

**Жылуфизика және техникалық физика
кафедрасының оқытушылары
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**

МЕН – ЕЛІМНІҢ МАҚТАНЫШЫ!

Көңілді болсын, күші үлкен серінің!
Өзгеге емес, өзіңе болсын сенімің!
Жақсы сөзбенен жаныңа шуақ шаша біл,
Жарқырап тұрсын, жүректе гүлдей сезімің!

Мақаламды осы бір өлең шумақтарымен бастауды жөн көрдім. Жалпы, адам тұлға болып қалыптасуы үшін не нәрсе қажет? Мінеки бұл маңызы бар сұрақ. Себебі, егер адам елін сүймесе, оны қадірлеп, қастер тұтпаса, онда ол қанша жерден тұлға болуға тырысса да, ол бола алмайды және оның өзгелер алдында қадірі де болмайды. Қазақ елі кең-байтақ жерімен белгілі. Бірақ сол жерге аталарымыз білектің күшімен жеткенін есімізден шығармаған жөн.

Ал, бүгінгі таңдағы мәселе қайсы? Қазақ еліне, жеріне деген патриоттық сезімін қоя тұрғанда, тіпті, өз тілінде сөйлей алмайтын дәрежеге жетті. Бұның бәрі заман талабы дейміз бе? Жоқ, бұның бәрі сананың осы жаққа бұрылуында. Қазақ тілінде білмеу ұят емес, қазақ жерінде тұрып, орыс тілінде білмеу ұят, мінеки, осындай жағдайға келдік. Әрине, бұның бәрі қарынды аштыртады. Бірақ амал не, көш жүре түзеледі демекші, ең алдымен, қандастарымыздың барлығына, елін, жерін, Отанын сүюді үйрете білсек, олардан нағыз патриот шығары анық. Бұған біздің қосар үлесіміз, өзіміздің қара шаңырақ Қазақ Ұлттық Университетіміздің студенттерін осы жолда, патриоттық сезімге тәрбиелеу, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сөзімді қорыта келе, мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді.

«Кең дүние, төсінді аш, мен келемін,
Алынбаған ақым бар сенде менің.
Бұйрат құмдар – бұйығып шөлдегенім,
Бура бұлттар – бусанып терлегенім».

МЕДЕУБАЕВА А., ҚОҢЫРАТБАЙ М., ЖАУҒАШЕВА С.

